



2018

КОРПОРАТИВТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ ЕСЕП



ПРОГРЕСТІҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

www.tengizchevroil.com

ЕСЕП БЕРУ ТУРАЛЫ

Біздің алғашқы есебіміз 2008 жылы жарияланды. Қолыңыздағы есеп 2018 жылды қамтиды.

Бұл есептің мақсаты – «Теңізшевройл» ЖШС-нің 2018 жылғы корпоративтік жауапкершілік саласындағы жетістіктері туралы жаңартылған ақпаратпен бөлісу. ТШО корпоративтік жауапкершілік саласындағы шаралар туралы өзінің веб-сайтында хабарлап тұратын болады.

Соңғы жаңалықтарды www.tengizchevroil.kz сайтынан таба аласыздар.

МАЗМҰНЫ

- 8- Теңізшевройл: қысқаша анықтама
- 12- Өндіріс көрсеткіштері
- 14- Келешек кеңею жобасы – Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасы
- 16- Цифрландыру
- 18- Адамдардың денсаулығын сақтау және қоршаған ортаны қорғау
- 24- Кадрларды дамытудың стратегиялық бағдарламасы
- 28- Қазақстан экономикасына үлес
- 31- Жұртшылықпен серіктестік қарым-қатынас орнату



Құрметті ТШО серіктестері және компания қызметкерлері,

Сіздерді осы тамаша мерейтойларыңызбен – «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорнының құрылғанына 25 жыл толуымен құттықтаймын! Теңізшевройл – ұлттық мұнай өнеркәсібіндегі шын мәнінде танылған корпоративтік көшбасшы. Соңғы 25 жылда ТШО құрылған күнінен бастап 2017 жылы өндірген 3 миллиард баррель мұнай көлеміндегі тарихи межеге жете отырып, өндіріс көлемін 30 есеге ұлғайтты. Сол уақытта Қазақстанда мұнай өндіру төрт есеге артып, жылына 85 миллион тоннаға жетті.

Қазақстандағы мұнай өндірудің жалпы көлемінің үштен бірінен астам үлесіне тиесілі компания

ретінде ТШО елдің экономикалық дамуына елеулі үлес қосуда. Компанияның тікелей төлемі қазақстандық қызметкерлердің жалақысын, қазақстандық тауарлар мен қызметтерді сатып алуды, мемлекеттік компанияларға төленетін тарифтер мен алымдарды, пайданы қазақстандық акционерлерге бөлуді, сондай-ақ үкіметке төленетін салықтар мен роялтиді қоса алғанда, 135 миллиард АҚШ доллардан асты.

ТШО экономиканың түрлі секторларындағы мыңдаған қазақстандық компаниялардың дамуына ықпал етті. Компания Атырау облысындағы, ең алдымен, балабақшалар, мектептер, ауруханалар салуға, сумен жабдықтау және электрмен жабдықтау жүйесін жақсартуға

бағытталған әлеуметтік жобаларға үлкен көңіл бөледі. Атырау имиджі бүгінде заманауи қалаға айналып мүлде өзгерді.

Компания қызметкерлерінің 80 пайызы – қазақстандық мамандар, ал бұл Шевронның мамандарды дайындауға үлкен үлес қосқандығының арқасында. Олар өз тәжірибелерімен және білімдерімен бөлісті.

ТШО қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласында жоғары нәтижелер көрсетуде. ТШО қоршаған ортаға әсерін азайту жөніндегі жобаларға 3 миллиард АҚШ доллардан астам қаржы жұмсады. Компания газды жағу тәжірибесін толығымен жойған Қазақстандағы алғашқы кәсіпорындардың бірі болды. ТШО-ның газды кәдеге жарату коэффициенті 98 пайызды құрап отыр.

Екінші буын зауыты іске қосылған 2008 жыл әлі есімде. Осы бірегей жобаның арқасында ТШО мұнай өндіру көлемін екі есе арттырды. Қышқыл газды айдау процесі бұрын тек Мексика шығанағындағы кен орындарында қолданылған болатын. Оны Теңізде қолдану терең тұзасты кен орындарын игеру үшін жаңа мүмкіндіктер ашты.

ТШО-ның Келешек кеңею жобасы - Ұңғыма ернеуіндегі қысымды басқару жобасы жаңа технологияларды енгізу және болашақ ұрпақ үшін мұра қалдыру арқылы Қазақстан мен ТШО серіктестері үшін маңызды құндылықты білдіретін Теңіз мұнай кен орнын келесі ірі кеңейту жобасы болып табылады. Бүгінгі күні жобада 30 мыңнан астам қазақстандық азамат жұмыс істейді.

ТШО-ны 25 жылдығымен тағы бір мәрте құттықтаймын. Сіздерге сәттілік, табыс және жаңа жетістіктер тілеймін!

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ
Қазақстан Республикасының
Президенті



келдік. Біз, сондай-ақ, Қазақстан үшін құндылық жасаудың ең маңызды тәсілдерінің бірі болған корпоративтік жауапкершілік бойынша шараларды жетілдіруді жалғастырдық.

Төменде берілген есепте сіз ТШО-ның корпоративтік жауапкершілік саласындағы үлесі туралы көбірек білетін боласыз. Біздің күш-жігеріміз, біз компания ретінде кім екенімізді және қызметімізді қалай жүргізіп отырғанымызды анықтайтын «ТШО сара жолында» көрсетілген құндылықтарға негізделеді. Біз әрқашан әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік қағидаттарының негізінде әрекет етуге және өз жұмысымызды үнемі жақсартуға ұмтыламыз.

Біз Атырау өңіріндегі жетекші корпоративтік және әлеуметтік инвестор болып табыламыз. Осы өңірде бас кеңсеміз орналасқан, көптеген қызметкерлеріміз бен олардың отбасылары жұмыс істейді және тұрады. Корпоративтік жауапкершілік бойынша іс-әрекеттеріміз Қазақстанның барлық өңірлерін қамтитынына осы есепті оқып отырғанда куә боласыз. Біз Қазақстан Республикасының жергілікті, өңірлік және республикалық билік органдарымен ұзақ мерзімді ынтымақтастығымызды жоғары бағалаймыз. Біздің корпоративтік жауапкершілік саласындағы міндеттемелеріміздің арқасында жұмыс істеп жатқан қоғамдастыққа басты назар аударуды жалғастырып келеміз.

Осы есепті оқу және ТШО-ның корпоративтік жауапкершілік саласындағы елеулі үлесі туралы білу сізге ұнайды деген үміт-теміз.

Құрметпен,

ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ БАСШЫЛЫҒЫНАН ХАБАРЛАМА

Құрметті оқырмандар,

«Теңізшевройл» ЖШС (ТШО) атынан біз сіздерге корпоративтік жауапкершілік жөніндегі 2018 жылғы есепті ұсынып отырмыз. Үлкен бір межені, 1993 жылы құрылған ТШО-ның 25 жылдығын атап өттік.

Соңғы 25 жыл ішінде біздің мақсатымыз Қазақстан Республикасы, акционерлеріміз, қызметкерлеріміз және біз жұмыс істеп жатқан қоғамдастық үшін құндылық жасау болып келді және солай болып қала бермек. Ширек ғасырдан астам уақыт аралығында ТШО өндірісінің қауіпсіздігі мен сенімдігін қамта-

масыз ету арқылы Қазақстан Республикасы үшін құндылықтар жасап келеді. Біз әлі де алға қойған міндеттерімізді орындауға берікпіз, және оларды жүзеге асыру 2018 жыл ТШО үшін табысты жыл болды.


Өткен жылы біз қауіпсіздік, сенімділік және өндіріс саласында жаңа рекордтарға қол жеткіздік. Біз Теңіз кен орнын кеңейту жөніндегі келесі ірі жоба, Келешек кеңею жобасы – Ұңғыма ернеуіндегі қысымды басқару жобасының негізгі кезеңдерін еңсердік. Біз активтердің жаңа құндылықтарын ашатын сандық технологияларға көшу жұмыстарын жалғастырып

Имер Боннер
Бас директор

Мұрат Мұқашев
Бас директордың
орынбасары



«Теңізшевройл» ЖШС-де жыл сайын қазақтың ұлттық мәдениетін қолдау және дәріптеу мақсатында ақпараттық, әрі айшықты безендірілген күнтізбе шығару сияқты тамаша дәстүр бар. ТШО жеті жыл бойы осы дәстүрді үзбей, жалғастырып келеді. Осы уақыт аралығында «Қазақ халық ертегілері», «Қазақтың ұлттық ойындары», «Мүшел – қазақша жыл санау», «Қазақ көшпенділерінің тұрмысы мен дәстүрлері», «Алпамыс Батыр» тақырыбындағы күнтізбелер жарық көрді.





2018 жылға арналған күнтізбе кәсіпорынның ұлттық мәдениетті қолдауға және насихаттауға қосып отырған кезекті үлесі болып табылады. Күнтізбе қазақ халқының өшпес мұрасы, жыр жауһары – «Қыз Жібек» лиро-эпостық дастанына арналған.

Эпостың желісі оқырмандарын ер Төлеген мен сұлу Жібектің жүрек тебіренер қайғылы махаббаты бірнеше ғасыр бұрын орын алған қазақтың дархан даласына апарды. Эпостың өзегі – адал махаббат пен достық, ерлік пен отан сүйгіштік. Оқиға Төлегеннің еркін махаббат пен азаттық іздеуі арқылы өрбиді. Бойын кіршіксіз сезім билеген Төлеген ғашығына жету жолында небір қиындыққа – ата-анасының теріс батасына ұшырап, иен даламен жалғыз жортып, қаскөй-


лердің опасыздығы мен арамдығына тап болады.

Төлеген мен Қыз Жібек жандары таза, рухтары мықты, адамгершілік қасиеттері мол, еркіндікті сүйетін жастар мұратын ұлықтайды. «Қыз Жібекте» екі жастың кейіпкері арқылы халықтың жастар бойынан көргісі келетін небір жақсы қасиеттері қамтылған.

«Қыз Жібек» – қазақтың көшпелі тұрмысының шынайы айнасын-

дай. Бұнда дала көшпенділерінің керуені, тігілген киіз үйлер, жапан дүздегі жалғыз атты жолаушылар, бәрі-бәрі әсерлі көрініс тапқан. Дастанның ең құнды тұсы – тілінің таза да, көркем, бай болып шығуы», - деп кезінде Мұхтар Әуезов өз пікірін айтқан.

«Қыз Жібек» поэмасын көптеген ақындар мен жыршылар орындап, ол 1894 жылдан бастап бірнеше мәрте басылып шықты. Бүгінгі таңда эпостың бірнеше түп нұсқасы бар. ЮНЕСКО-ның



ұйғарымымен 2008 жыл «Қыз Жібек» жырының 500 жылдығы деп жарияланды.

1934 жылы «Қыз Жібек» эпосы негізінде жазылған қазақтың тұңғыш операсы сахнада қойылды. Опера бірден ұлттық музыка өнерінің маржаны деп танылды. Оның либреттосын атақты жазушы Ғабит Мүсірепов жазса, музыкасын қазақ халық әндері мен күйлерін, сонымен қатар Ыбырай, Мұхит, Жаяу Мұса, Тәттімбет сынды халық композиторларының туындыларын

кеңінен қолданып, қазақ әуеніне еуропалық аспаптау өнері мен үндестігін әсерлі етіп үйлестіре білген композитор Евгений Брусиловский жазған болатын.

1970 жылы қазақ режиссері Сұлтан-Ахмет Қожықов «Қазақфильм» киностудиясында аттас екі сериялы кинолентаны түсіріп шығарды. Басты рөлдерді Меруерт Өтекешева (Қыз Жібек), Құман Тастанбеков (Төлеген), Асанәлі Әшімов (Бекежан) сомдады. Фильм 1972 жылы ҚСР Мемлекеттік сыйлығына ие

болып, әлемнің 43 елінде көрсетілімге қойылды.

«Қыз Жібек» жыры – қазақ фольклорындағы өлмес те өшпес туынды. Эпоста мөлдір махаббаттың қоғамның ескішілдік көзқарасы мен әдет-ғұрыптарынан биік екендігі шынайы көрсетілген. Ғасырлар өтсе де, оның сарыны көптеген адамдардың тағдырында көрініс тауып, ғашықтар өздерінің махаббат оқиғаларын Төлеген мен Жібек жайлы дастанмен күні бүгін де ұқсастырып жататыны белгілі.

25 TABYSTY 25 JYL JARQYN BOLASHAQQA BIRGE



«ТШО-ның сара жолы»

«ТШО-ның сара жолы» біздің кім екенімізді, неге сенетінімізді, мақсатымызға қалай жететінімізді және неге ұмтылатынымызды түсіндіреді. Ол компания қызметкерлерімен қатар бізбен қарым-қатынас жасайтын тараптар үшін біздің құндылықтарымыз бен мінез-құлық үлгілеріміз жайлы ортақ түсінік қалыптастырады.

ТШО-НЫҢ СЕРІКТЕСТЕРІ:

| | |
|-------------------------------------|------|
| Шеврон | 50 % |
| ЭксонМобил Қазақстан Венчурс Инк | 25 % |
| ҚазМұнайГаз ҰК | 20 % |
| ЛукАрко | 5 % |

ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ: ҚЫСҚАША АНЫҚТАМА

ТШО заманауи экономиканың қозғаушы күші болып табылатын мұнай, газ және ілеспе өнімдер өндіретін жетекші компания болып табылады. Біздің тарихымыз тәуелсіз Қазақстанның гүлденуімен тығыз байланысты.

Біз Қазақстанның тарихын, дәстүрлері мен мәдениетін құрмет тұтамыз. Технологиялық тұрғыдан әлемдегі ең күрделі болып саналатын мұнай-газ кен орындарын ашу мен игерудегі баға жетпес еңбектері үшін Теңізді алғаш ашушыларға алғысымызды білдіреміз. Олар болашақ ұрпақтар үшін берік іргетас қалады.



Біз – ТШО-мыз

МАҚСАТ

Біздің басты мақсатымыз – Қазақстан Республикасы, ТШО үлескерлеріне және қызметкерлерімізге барынша пайда әкелу.

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ МАҚСАТ

Әлемдік мұнай-газ саласында қызметкерлерінің кәсіпқойлығы, серіктестік қатынастар және өндірістік көрсеткіштерімен ерекшеленетін ең қауіпсіз, барынша тиімді және табысты кәсіпорын болу.

ТАРИХ

Батыс Қазақстанда орналасқан Теңіз мұнай кенорны 1979 жылы ашылды.

1993 жылдың сәуірінде бастапқы құрылтайшылары Қазақстан Республикасының Үкіметі мен «Шеврон» корпорациясы болған «Теңізшевройл» біріккен кәсіпорны құрылды.

Қазіргі таңда ТШО-ның сәйкес үлесті серіктестері «Шеврон» (50%), «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (20%), «ЭксонМобил Қазақстан Венчурс Инк.» (25%) және «ЛукАрко» (5%) компаниялары болып табылады.

КЕН ОРНЫ ТУРАЛЫ

2500 (1600 миль²) шаршы шақырымнан тұратын лицензиялық аумаққа Теңіз мұнай кеніші мен одан кішілеу болса да, қоры мол Королев кеніші кіреді.

Жалпы Теңіз бен Королев кен орындарындағы мұнайдың игерілетін қоры 890 миллионнан 1,37 миллиард тоннаға (7,1 - 10,9 миллиард баррель) дейінгі шамада бағаланған. Теңіз кеніші коллекторындағы жалпы бағаланған қор 3,2 миллиард тоннаны (25,5 миллиард баррель) құрайды. Әлемдік деңгейдегі кеніштер қатарына жататын Королев кенішінің қоры 200 миллион тонна (1,5 миллиард баррель) шамасында.

Теңіз кен орны – әлемдегі ең терең алып кен орны болып саналады, оның жоғарғы мұнайлы қабаты шамамен 4000 метр (13000 фут) тереңдікте жатыр. Коллектордың ені 20 шақырым (12 миль), ал, ұзындығы 21 шақырымға (13 миль) созылған, мұнайлы қабатының биіктігі 1,6 шақырым (1 миль) шамасында. Теңіз кен орны аумағының үлкендігі соншалық, оны толық айналып шығу үшін екі марафондық қашықтық қажет.



TABYSTY 25 JYL

JARQYN BOLASHAQQA BIRGE

1993

6 сәуірде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Шеврон директорлар Кеңесінің Төрағасы К. Дерр «Теңізшевройл» біріккен кәсіпорнын құру туралы келісімге қол қойды

1994

Атырау облысының әлеуметтік инфрақұрылымы саласындағы жобаларды қаржыландыру үшін бюджеті 50 млн АҚШ доллары болатын бес жылға арналған «Атырау Бонус Қоры» әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы жүзеге асырыла бастады

1997

КТЖ-2 құрылымы табысты аяқталды. Теміржол цистерналарына мұнай құю эстакадасы пайдалануға берілді

1998

Өндірісті кеңейту бағдарламасы аяқталды. Өндіріс көлемі жылына 6,9 млн. тоннаға дейін артты.

70%

ТШО ұжымындағы ұлттық қызметкерлер үлесі 70% жетті

1996

Ұлттық қызметкерлері оқыту бағдарламаларына, соның ішінде білім алуға көмекті қоса алғанда, 1 млн АҚШ доллары бөлінді

1999

ТШО жаңа «Ігілік» ерікті әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламасын бастады

1997

5-ші кешенді технологиялық желі (5-ші желі) құрылысы басталды

1998

Атырау облысының тұрғындары Теңіз кенішінде өндірілген газды ала бастады

1999

ТШО жаңа «Ігілік» ерікті әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламасын бастады



2000

Еуропалық сапа стандарттарына сай пропан және бутан газын өндіру, тиеу және тасымалдау басталды



2001

КТК желісі бойынша шикі мұнай тасымалы басталды



2002

Жылдық мұнай өндірісі 13,1 млн. тоннаны құрады



2006

ШҒА нысанында шикі газдың алғашқы көлемі қойнауқатқа кері айдалды



2008

ЕБЗ жобасы аяқталып, Президент Нұрсұлтан Назарбаев нысанды салтанатты түрде іске қосты



2000

Теңізде алауда газды қалыпты жағуды тоқтату мақсатында жүзеге асқан Газды қадеге жарату жобасы аяқталды



2001

5-ші желі мен 12-ші бағдарлама құрылысы аяқталды




2002

Қазақстандық тауарлар мен қызметтерді сатып алуға жұмсалған жалпы қаражат 415 млн АҚШ долларын құрады



2006

1993 жылдан бері бірінші миллиард баррель шикі мұнай өндіру межесіне қол жеткізілді



2007

ШҒА нысанында алғашқы шикі газ көлемі қойнауқатқа айдалды



2008

ТШО-ның ШҒА/ЕБЗ жобасындағы қазақстандық тауарлар мен қызметтерді сатып алуға жұмсаған қаражаты 2 млрд АҚШ долларынан асты



«Ігілік» бағдарламасының жылдық бюджеті 20 млн АҚШ долларына дейін көтерілді



ТШО кезекті жылдық мұнай өндірісі рекордына қол жеткізді - 25,9 млн тонна



КТЖ зауытындағы технологиялық ақаулар саны 87%-ға қысқарды. 2000 жылдан бергі шикі және қышқыл газ жағу көлемі 87%-ға азайды



ТШО құрылғаннан бері 2 миллиард баррель шикі мұнай өндірілді

2009



ТШО «Парыз» республикалық бизнестің корпоративтік жауапкершілігі байқауында «Үздік ұжымдық шарт» номинациясы бойынша алтын жүлдеге ие болды



Мұнай қазандықтар паркі жобасы аяқталды

2010



ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев ТШО-ға бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» байқауының бас жүлдесін табыстады

2011



KIOSH Қазақстанның еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша халықаралық конференциясында ТШО ең қауіпсіз ірі кәсіпорын деп танылды

2012



Қазақстан Республикасы үкіметі мен ТШО Келешек кеңею жобасы және Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасы шеңберінде өзара түсініктік туралы Меморандумға қол қойды



«Игілік» бағдарламасының жылдық бюджеті 25 млн АҚШ долларына дейін өсті



Қазақстандық тауарлар мен қызметтерді сатып алу бойынша рекордтық көрсеткішке қол жеткізілді - 2,4 млрд астам АҚШ доллары



Кәріз суларын тазарту нысаны іске қосылды



Теңіз кенішіндегі күкірт алаңдары тазартылды

2013



ТШО-ның жылдық мұнай өндірісі 27,1 млн тоннаны құрады



2007 жылдан бері 143 қазақстандық маман жоғары және орта бұндағы басшылық және маңызды техникалық лауазымдардағы шетелдік әріптестерін алмастырды



Компания серіктестері КҚЖ-ҰЕҚБЖ жобасын қаржыландыру туралы түпкілікті шешімді қабылдады

2014



Қазақстандықтар 1993 жылғы 50 пайызбен салыстырғанда жалпы жұмыс күшінің 87 пайызын құрады. Жоғары және орта бұын басшылары арасында қазақстандықтар 76,5% үлеске ие



Өндірістік базаның пайдалану және техникалық қызмет көрсету учаскесінде жаңа зертхана ашылды.



Құны 65 млн. АҚШ долларын құраған Құлсары қаласының сумен қамтамасыз ету жүйесін жаңғырту жобасы аяқталды



ТШО-ның 1999 жылдан бері «Игілік» бағдарламасы бойынша жалпы жұмсаған қаражаты 239 млн АҚШ долларынан асты. 110 жоба жүзеге асып, мыңнан астам жұмыс орны ашылды

2015



Барлық өндірілген мұнай көлемі КТК желісімен тасымалдануда



Қазақстандық тауарлар мен қызметтерді сатып алу бойынша жаңа рекорд орнатылды - 2,5 млрд астам АҚШ доллары, соның ішінде КҚЖ-ҰЕҚБЖ бойынша 1,12 млрд АҚШ доллары жұмсалды



ТШО жылдық мұнай өндірісі бойынша жаңа рекорд орнатты - 27,16 млн тонна



Ұжымдық шарт жаңартылды

2016



ТШО-ның жылдық өндірісі 27,56 млн тоннаға жетті



ТШО технологиялық тұрғыда бүлінген 1320 га. жер телімін қалпына келтірді

2017




ТШО-ның 2000 жылдан бері экологиялық ықпалды азайтуға бағытталған жобаларға жұмсаған қаражат көлемі 3 миллиард АҚШ долларынан асты. Осы уақытта компания жалпы газ жағу көлемін 80 пайызға азайтып, мұнайдың әр тоннасына шаққандағы шығарынды көлемін 70% төмендетті



ТШО қызметкерлері жұмыс уақыты шығындалатын тосын оқиғасыз 60 млн. адам-сағат көрсеткішке қол жеткізді. Бұл ТШО тарихындағы ең жоғары көрсеткіш



1993 жылдан бері 3 миллиард баррель мұнай өндіру межесіне қол жеткізілді



Жылдық мұнай өндірісі бойынша жаңа рекорд - 28,7 млн тонна



ӨНДІРІС КӨРСЕТКІШТЕРІ

ӨНДІРІС

Мұнай өндірісі
(млн тонна) **28.6**

ӨНІМДІ ӨТКІЗУ

Сұйытылған мұнай газ
(млн тонна) **1.3**

Құрғақ газ
(млрд куб метр) **9.2**

Күкірт
(млн тонна) **2.5**

ҚАУІПСІЗДІК

Адам-сағат **115**
Жүріп өткен жол
(миль) **103**

ҚАЗАҚСТАНҒА ИНВЕСТИЦИЯ

Қазақстандық қамтуға
жұмсалған қаржы
(млрд АҚШ доллар) **3.5**

Қазақстанға жалпы төлемдер
(млрд АҚШ доллар) **10.1**

АДАМДАР

Шет елдік / ел ішіндегі
іссапарлар **41**

Негізгі өндірістегі
қазақстандықтар:

Қызметкерлер:
(%) **89**

Супервайзерлер/
менеджерлер
(%) **77**



ӨНДІРІС СЕНІМДІЛІГІ

- ЕБЗ/ШГА және КТЖ зауыттары 98% құрайтын әлемдік деңгейдегі сенімділігін көрсетті;
- КТЖ зауытының 5-ші желісінде күрделі жөндеу жұмыстары бекітілген бюджетке сай және жұмыс күні шығындалмастан кестеден бұрын аяқталды. Бұл керемет жетістікке қол жеткізу үшін 8000 астам жұмысшы және 2 жылдан астам жоспарлау жұмыстары қажет болды.



КЕЛЕШЕК КЕҢЕЮ ЖОБАСЫ – ҰҢҒЫ ЕРНЕУІНДЕГІ ҚЫСЫМДЫ БАСҚАРУ ЖОБАСЫ



Біз Теңіз кен орнында келесі бір үлкен кеңею жобасын жүзеге асыруды бастадық. 2016 жылы ТШО Серіктестері Теңіз кен орнының өндірістік қуаттылығын арттырудың келесі кезеңі болып табылатын Келешек кеңею жобасы мен Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасын (ККЖ-ҰЕҚБЖ) қаржыландыруға қатысты соңғы шешімнің қабылданғаны туралы хабарлады.

ККЖ-ҰЕҚБЖ шыңдалған қызметкерлер, жаңа нысандар, қазақстандық және халықаралық компаниялар арасындағы серіктестік арқылы технологиялар трансфері, сондай-ақ өңірдегі жақсартылған инфрақұрылым түрінде мұра қалдыратын заманауи жоба болып табылады.

Бұл еліміздің болашақ ұрпағын әлемдік деңгейдегі көмірсутек ресурстарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін Қазақстан үшін жалпыұлттық маңызы бар жоба болып табылады.

Тиімділікке қол жеткізу және шығындарды азайту мақсатында ККЖ мен ҰЕҚБЖ жобаларының құрылысы бірге жүзеге асырылады.

Аса сәтті жүзеге асқан Шикі газ айдау – Екінші буын зауыты (ШГА-ЕБЗ) жобасының жетістіктерін жалғастыра отырып, ККЖ-ны жүзеге асыру мұнай өндірісін жылына шамамен 12 млн тоннаға немесе тәулігіне 260 мың баррельге арттырып, жылына шамамен 39 млн тоннаны немесе тәулігіне 850 мың баррельді құрайды.

ҰЕҚБЖ кеніштегі ұңғы ернеуіндегі қысымды төмендетіп, өнім зауытқа жеткен кезде қолданыстағы алты технологиялық желінің кіреберісіндегі қысымды көтеру арқылы Теңіз кен орнындағы қолданыстағы зауыттарды толық қуатта ұстап тұратын болады.

Ел аумағында ККЖ-ҰЕҚБЖ аясында 45 000-нан астам қазақстандық азамат еңбек етеді. Бұл Қазақстандағы жоба қызметкерлері жалпы санының 91%-ын құрайды.


Жоба басынан бері қазақстандық қамтуға жұмсалған қаржы көлемі 5,6 млрд АҚШ доллардан асты.

2018 жылы ККЖ-ҰЕҚБЖ аясында бірнеше елеулі межеге қол жеткізілді, соның ішінде:

- Құрастырмалы модульдік эстакадалар Қазақстандағы «ЕРСАЙ» өндірістік алаңында жасалып, жиналуда. Қазақстандағы «ЕРСАЙ» өндірістік алаңынан үшінші буын зауытына (ҮБЗ) мен шикі газ айдаудың үшінші буын нысандарына (ШГАҮБ) 28 модуль жеткізілді.
- 2018 жылы Италияның Авенца қаласынан алғашқы ГТГ жеткізілді және ҮБЗ-де алғашқы ГТГ-ны қайта құрастыру мүмкін болды.
- Оңтүстік Кореядан 12 модульді су жолдарымен жөнелту сәтті орындалды.







20 18 жылы ТШО-ның цифрландыру бойынша саяхаты ілгеріледі. Оңтайландыру және деректер туралы ғылым бағдарламаларына өзіміздің ерте инвестицияларымызға негізделе отырып, біз сандық трансформация бойынша жол картасын жасай алдық. Жол картасы төрт негізгі бағыттан тұрады: өлімді болдыратын жағдайлардың алдын алу, негізгі өндірісті жетілдіру, өндірістік қызметтен түсетін қаражат көлемін ұлғайту және ККЖ-ны іске асыру. Сондай-ақ жол картасы екі негізгі мүмкіндіктерді анықтады: сандық негіз және сандық мәдениет.

Сандық негіз бұлтты технологияларды, заттардың өнеркәсіптік интернетін (IIoT) және API негізінде қазіргі заманғы пішінді енгізу жолымен өлшемді сандық плат-

формаларды құрудан тұрады. Біз ТШО-ның Data Foundation (деректер негізі), Real-Time Data Foundation (оперативті деректер негізі) және Data Lake (деректер көлі) технологияларына одан әрі инвестициялау жолымен біздің деректеріміздің сапасы мен қол жетімділігін және ашықтығын жақсартуды жалғастырдық. Бұл инвестициялар деректер туралы ғылым және деректерді зияткерлік талдау саласындағы біздің мүмкіндіктерімізді одан әрі дамыту үшін бағытталған. Біз жұмыс үрдістерін автоматтандыру бойынша күш-жігерімізді аз кодтық платформалар мен үрдістерді роботты автоматтандыруды (RPA) пайдалана отырып жеделдеттік.


Цифрлық мәдениет саласындағы күш-жігер цифрландыру





саласындағы білім деңгейін арттыру, бірнеше семинарлар мен тренингтер өткізу арқылы технологиялар туралы біліктілікті арттыру жолымен цифрландыру бойынша көшбасшыларды дамытуға бағытталды. Біз SAFe стандартты құрылымға негізделген жобаны іске асырудың икемді тәсілін жасадық. Сондай-ақ жаңа технологияларда АТ-дағдыларын дамыту арқылы (бұлт, деректер туралы ғылым, үлкен деректер, логикалық құрылым), өз қызметкерлеріміздің арасында сандық дағдыларды жақсарту арқылы да біздің сандық ұйымдық әлеуетімізді дамытуды жалғастырдық.

2018 жылы ТШО деректер ғылымын зерделеу бойынша тобы бірнеше аналитикалық шешімдерді әзірлеп, оларды іске қосты. Мәселен, ұңғыманың кері ағым өнімділігін оңтайландыру құралы сенімді әрі оңтайлы кестені қалыптастыру үшін кері ағым ұзақтығы мен үрдісіне әсер ететін айнымалыларды анықтау үшін тарихи деректерге жасанды интеллектті қолданады. Қорларды оңтайландыру құралы тарихи деректерді және тапсырысты орындау уақытын талдау үшін 2000 түрлі қорлардың деңгейін дұрыс есептеу үшін әзірленді. Біз сондай-ақ штуцердің шамасын оңтайлы күйге келтіруге, желілерді қосу бойынша ұсы-



ныстар беру жолымен мұнай өндіруді барынша арттырып, ұңғыманы жүктеу қаупін азайту үшін өндірісті оңтайландыру бойынша шешім әзірледік.

Біз көлік құралдарының қауіпсіздігі сараптамасы жобасына инвестицияландыруды одан әрі жалғастырдық. Жобаның негізгі мақсаты қауіпті жағдайларды ерте анықтап, қауіпсіз жүргізу жолымен Теңіз кен орнының жолдарындағы көлік құралдарының қауіпсіздік деңгейін арттыру болып табылады. Жоба аясында қолайсыз ауа райы кезінде алдында келе жатқан көлікті басып озу немесе жүргізу нұсқауларын сақтау сияқты бірқатар бұзушылықтарды, сондай-ақ бірнеше сараптамалық панельдерді және геокеңістікті визуализация құралдарын анықтауға қабілетті нақты уақыт режимінде рәсімдерді сақтауды бақылау және бұзушылықтарды анықтау жүйелері қолданылды. Біз маңызды көлік құралдарында (автобустар, түнгі патрульдік және ауыр жүктерді тасымалдайтын көліктер) шаршауды анықтаудың 450 құрылғысын қолданып келеміз.

Нақты деректерді оңтайландыру бағдарламасы аясында Теңіз кенішіндегі ауыз су мен техникалық суды тұтынуды қадағалау мен оңтайландыруға арналған панель қолданылды.

Біз қолмен жиі жасалатын еңбекті автоматтандыру үшін RPA жүйесінің ерте шешімдерін қолдана отырып, PowerApps шағын кодты платформа-сын қолдану арқылы жұмыс үрдістерін автоматтандырудың алғашқы шешімдерін қолдандық.





Адамдардың денсаулығын сақтау мен қоршаған ортаны қорғау «ТШО Сара жолының» басты құндылығы болып табылады. Біз жеке және өндірістік қауіпсіздікті сақтау ұстанымына берікпіз. Біз қауіпсіз, сенімді және экологиялық тұрғыдан жауапты түрде жұмыс атқаруға күш саламыз.

АДАМДАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

АДАМДАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУ

Адамдардың денсаулығын сақтау және қоршаған ортаны қорғау біздің құндылықтарымыздың бірі болып табылады және ол әрқашан басым міндет болып қала береді. 2017 жылы ТШО өндірістік нысандарындағы қауіпсіздік мәдениетін арттыру үшін «Бірыңғай ТШО» өлімге әкеліп соғатын жағдайларды болдырмауға бағытталған бағдарламаны ұсынды. Өлімге әкеліп соғатын жағдайларды болдырмауға бағытталған бағдарламаны табысты іске қосу - бұл «Бірыңғай ТШО» топтарының жалпы күш-жігерінің нәтижесі, соның ішінде негізгі өндіріс

өкілдері, ККЖ және біздің бизнес серіктестеріміз. Осы топтар негізгі үш бағыт бойынша жұмыс атқарды: жұмыстарды жоспарлау және бақылау, мердігерлік ұйымдарды басқару, тексеру және растау.

Өліммен аяқталатын оқиғалардың алдын алу және технологиялық қауіпсіздік шараларын сақтау апатсыз құрылыс жұмыстардың және өндірістің іргетасы болып табылады. ТШО өз тарапынан жұмыс орындарында жарақатсыз әрі қауіпсіздік техникасының деңгейін одан әрі арттыруға және қауіпті өндірістік жарақаттардың немесе өлімге әкеліп соғатын жағдайлардың алдын алу үшін үнемі жұмыс істеу мақсатында күш-жігерін салып келеді. 2018 жылы ТШО-ның өндірістік нысандарында өліммен аяқталуы мүмкін жағдайларды болдырмау бойынша келесі негізгі бастамалар жүзеге асырылды:

Қауіпсіз жұмыстарын басқару бойынша (ҚЖБ) оқыту бағдарламалары. Бұл бағдарлама қызметкерлердің мүдделерін сақтау үшін, жұмыс орындарында сарапшылардың көмегімен атқарылатын іс-шаралар болып табылады. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты - жұмыстарды жүргізу кезінде ауыр жарақаттарды немесе өлім жағдайларын болдырмау үшін қажетті қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ең маңызды шараларды түсіндіру, оқыту және анықтау болып табылады. ҚЖБ бойынша

оқыту бағдарламасының негізгі мақсаты қызметкерлердің құзыреттілігін арттыру, бағдарлама талаптары мен стандарттарымен хабардар ету болып табылады. Бағдарламаның негізгі бағыттары электр жабдықтарымен (тоқтан ажыратылған және қосылған) жұмыстар, тұйық кеңістіктегі жұмыс, жер қазу жұмыстары, дәнекерлеу жұмыстары, қауіпті көзді оқшаулау, жүктерді көтеру және бұзу жұмыстары, сондай-ақ биіктіктегі жұмыс түрлері болып табылады.

«Өмірді сақта» бағдарламасы және жұмыс басталар алдында жұмыс орындарын тексеру. Бұл үрдістер әрқашан жұмыстың басталар алдында жұмыс топтарының және тәуелсіз сарапшының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды тексеруді қамтиды. Жұмыс басталар алдында жұмыс орындарын тексеру біздің қызметкерлерге адамдардың денсаулығын қорғауға арналған қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі барлық шараларды көзбен шолып қарауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жұмыс басталар алдында жұмыс атқарып, оларды қауіпсіздік шараларымен қамтамасыз ету жөніндегі сыни шаралар орындалғанға дейін бастамауды қамтамасыз етеді. Еңбек қауіпсіздігін талдау нысаны әрбір жұмыс түріне тән қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қолданылатын шаралардың мысалдарын ұсыну жолымен жақсартылды. Арнайы форматты құжат пайдалануға ыңғайлы жасалып, жұмыстың қиын түрлерін бастамас бұрын тексерулерді орындау туралы талаптарды біріктіру үшін жаңартылды.

Инженерлік-құрылыс жұмыстарының бизнес-серіктестері үшін құрылыс жұмыстарын басқару жоспары мен өндірістік жұмыстар жоспары бойынша ұсыныстар әзірленді. Жаңа стандартталған нұсқаулар техникалық шешімдерді әзірлеу кезеңінде және дала жұмыстары басталғанға дейін өндірістік жұмыс жоспарларын қайта қарауға назар аудару мақсатында ҚР мен ТШО талаптары мен нормаларын қамтиды. Біздің бизнес серіктестеріміз бен тапсырыс беруші арасындағы мұндай кешенді тәсіл мен ынтымақтастық оң нәтиже береді деп күтілуде, осылайша жұмысты жақсартып, қауіпсіз орындауды қамтамасыз етеді.

Біздің бизнес серіктестеріміз ортақ табысы үшін негізгі мүдделі тараптар болып табылатынын мойындай отырып, ағымдағы мәселелерді талқылау үшін олармен тұрақты кездесулер қалыптастырылды. 2018 жылы ТШО басшылығы бизнес серіктестермен екі кездесу өткізіп, оған 80-нен астам кәсіпорын қатысты. Бұл кездесу бизнес серіктестердің екі басшысы арасында диалог түрінде өткізілді. Онда ТШО кәсіпорының құндылықтары, стратегиялық бағыттары, үміттері мен үздік тәжірибесі туралы әңгімеледі. Бизнес серіктестердің басшылары кездесулерге белсенді қатысып, өздерінің жетістіктерімен бөлісіп, қауіпсіздік тиімділігін арттыру және адамдардың өмірін құтқару жолдары туралы ашық пікірлер, ұсыныстар мен идеяларын қалдырды.

Өліммен аяқталуы мүмкін жағдайлардың алдын алу мәселелері бойынша коммуникацияларды

нығайту үшін ай сайын ТШО «Change Agent Chatter» («Өзгерістер бойынша хабаршы») негізінде жариялайды. Ол ТШО-ның бизнес серіктестері мен қызметкерлері арасында таратылады. Бұл ақпарат өліммен аяқталу мүмкін жағдайлардың алдын алу бойынша бастамалардың ілгерімін таратуға, ТШО басшыларынан хабарлама беруге және біздің бизнес серіктестеріміз ұсынған озық тәжірибемен алмасуға арналған.

ТШО ұжымы оң нәтижелерге қол жеткізетініне сенімді әрі тәжірибе алмасу жолымен ашық диалогты әрдайым қолдайды. 2018 жылы ТШО өкілдері НКОК, Эйр Астана, КПО кәсіпорындарының қонақтарымен қатар ҚазТрансОйл (ҚТО) ұйымдастырған қауіпсіздік техникасы жөніндегі іс-шараларға қатысты.

2018 жылы ТШО мен мердігер мекемелердің қызметкерлері жалпы 115 млн адам-сағат жұмыс атқарды, осы уақытта жұмыс уақыты шығындалатын 9 жағдай тіркелді. Біз өндірісті оңтайландыруда үздік және тұрақты көрсеткіштерге қол жеткізу үшін үйренуді жалғастыра отырып, өзіміздің жұмысымызды жақсартамыз.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау – ТШО-ның негізгі құндылықтарының бірі және Өндірісті оңтайландыруды басқару жүйесінің (ӨОБЖ) басымдылыққа ие бағыты. Экология мәселелерін басқару аясындағы болжалдарға сай компания ӨО бойынша бес басты тапсырманы орындауға назар аударды.

Өндірісті оңтайландыру міндеттері

- Апатсыз және қауіпсіз еңбек қызметін ұйымдастыруға қол жеткізуге ұмтылу;
- Қауіпсіз жұмыс орнын қалыптастыруға және жұмыс орнында айтарлықтай қатер факторларын азайтуға жәрдемдесу;
- Қоршаған орта мен қауіпсіз өндіріс үшін қауіп-қатерлерді анықтау және жою;
- Активтердің біртұтастығы мен жабдықтардың сенімділігі шарттарында әлемдік деңгейдегі көрсеткіштерге ие жабдықтарды пайдалану;
- Табиғи ресурстар мен компания активтерін тиімді пайдалану.

ТШО экология мәселелерін басқару процесін іске қосты. Ол экологиялық көрсеткіштерді жақсарту және активтің өмірлік цикліне ықтимал әсерлерді азайтуға бірізді, жүйелі әдістерді қолдануды қамтамасыз етеді. Экология мәселелерін басқару процесі ықтимал әсерлерді тиімді басқаруға әкеледі және өндірісті жоспарлау процесінде қарастыру үшін қоршаған ортаны жақсартудың жайлы мүмкіндіктерін анықтайды. Экология мәселелерін басқару процесін тиімді орындау қызметіміздің ықтимал

және ұзақ мерзімдік салдарларын азайтуға және мерзімі аяқталған кезде активтерімізді пайдаланудан шығаруға керекті ресурстарды қысқартуға бағытталған.

Экология мәселелерін басқару процесін, соның ішінде қоршаған ортаға, әлеуметтік салаға және денсаулыққа әсерді бағалау процесін, табиғи ресурстарды реттейтін нормаларды және үшінші тараптардың қалдықтарды басқару стандартын бірізді және жүйелі орындау ТШО-ға Қазақстандағы ең үздік экологиялық көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатына қарай жылжуын жалғастыруға ықпал етеді.

2000 жылдан бері ТШО Теңіздегі қоршаған ортаға әсерді барынша төмендетуге бағытталған жобаларға 3,1 млрд. астам АҚШ долларын инвестициялады.

Бұл инвестициялар ТШО-ға газды алауда жағуды және ауа тасталатын шығарындылар мөлшерін қысқартуға (2000 жылдан бері), сарқынды суды тазалауды жақсартуға және суды қайта пайдалану мөлшерін арттыруға мүмкіндік берді.

АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫ ҚОРҒАУ

Ауаға тасталатын шығарындылар

Атмосфералық ауаны ластанудан қорғау ластауы ластаушы заттардың шоғырлануын арттыру немесе төмендету үдерістерін түсіну және мүмкіндігінше зиянды заттардың шығарындыларын жүйелі түрде азайту үшін есеп жүргізуді қамтиды. ТШО Қазақстан Республикасы заңнамалық талаптарын мүлтіксіз қадағалайды және заманауи технологияларды қолдану арқылы атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады.

2000 жылдан бері өндірілген мұнай тоннасына шаққандағы шығарындылардың жалпы меншіктік мөлшері 72%-ға азайды. Осы уақытта күрделі жобалар мен жабдық сенімділігіне жасалған инвестициялардың арқасында жылдық мұнай өндірісі 2,7 есе артты.

Газды алауда жағу

ТШО алауларда жағуды азайту бойынша бойынша ірі жобаларды, соның ішінде газ өңдеу қуаттылықтарын кеңейту жобасын жүзеге асырды.

Сенімділікті қамтамасыз ету және зауыттық қондырғыларды жаңарту жобалары 2000 жылдан бері ТШО алауларда жағылатын жалпы газ көлемін 85%-ға азайтуға мүмкіндік берді. 2009 жылы ТШО газды күнделікті жағуды тоқтатты.

2014-2016 жылдары ТШО-ның күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу арқылы жабдықтың сенімділігін арттыруға бағытталған шараларына байланысты алауларда газ жағу көлемінің шамалы артқаны байқалды. Жабдықты алмастыруды қамтитын және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында

алауларда ілеспе газды жағуды қажет ететін Теңіз кен орнындағы күрделі жөндеу жұмыстары ТШО-ның әлемдік деңгейдегі сенімділік пен өнімділікті қамтамасыз етудің бірден бір тәсілі.

Парниктік газдар

2013 жылдан бастап Қазақстан парниктік газдардың шығарындылары бойынша ішкі бақылау жүйесін іске қосты. 2010 жылдан бастап ТШО мұнай өндірумен байланысты парниктік газдар шығарындылар көздерінің барлық категорияларын қамтитын Қазақстан Республикасының статистикалық деректер жүйесінің есептілігі талаптарын орындап келеді. ТШО өндірісі кезінде жиналған барлық деректер электр қуаты мен жылу өндіру парниктік газдар шығарындыларына ең үлкен категориясын құрайтынын көрсетіп отыр. Газды алауда жағудан кейін қалдық газдарды жағу мөлшері бойынша СО2 шығарындылары көзінің келесі реттік категориясы болып табылады. Парниктік газдардың басқа көздеріне көмірсутегілерді өндіру, өңдеу және тасымалдау және солармен байланысты операциялар жатады.

Шығарындылар кадастры бағдарламасы климат өзгерісіне ықтимал әсері бар келесідей шығарындыларды қамтиды: көміртегі қостотығы (СО2), метан (СН4) және азот диоксиді (N2O). ТШО-ның мақсаты Қазақстан Республикасының бастамаларына қолдау көрсету және ҚР парниктік газдарды бағалау, бақылау және қадағалау бойынша жалпыұлттық науқанына қолдау көрсетуді жалғастыру болып табылады.

Қалдықтарды басқару

ТШО қалдықтарды басқаруды 2018 жылы қол жеткізілген 61% деңгейінде ұстап тұру мүмкіндіктерін зерттеуде және қалдықтарды басқару қызметтері бойынша жергілікті нарықты дамытуға көп күш жұмсауда. ТШО қатты қалдықтардың 25-тен астам түрін өңдеуге жібереді. Бұдан бөлек, ТШО қағаз бен пластик бөтелкелерді жинау және оларды мердігер мекемелерге өңдеуге және қайта пайдалануға жөнелту арқылы өңдеу жобаларын жүзеге асыруда. Бұл Қазақстанда қалдықтарды өңдеу кәсіпшілігінің қалыптасуына ықпал етеді.

Бұрынғыдай, біз қазақстандық қамтуды дамытуды міндеттенеміз және қалдықтарды өңдеу саласындағы серіктестерімізбен бірге сыртқы қызмет ұсынушылардың қатысуымен қалдықтарды өңдеудің қосымша мүмкіндіктерін анықтауды жалғастырудамыз.

2018 жылы өңделген не қайта пайдаланылған қалдық түрлері:

- Пластмасса қалдықтары, соның ішінде пластик бөтелкелер
- Қағаз және картон қалдықтары
- Электр және электрондық жабдықтардың қалдықтары



- Металл қалдықтары
- Бетон қалдықтары
- Құрылыс және бұзылған ғимарат қалдықтары
- Ағаш қалдықтары
- Пайдаланылған тегершіктер;
- Жарамдылығы аяқталған көлік аккумуляторлары
- Мұнай қалдықтары
- Бұрғылау қалдықтары

СУДЫ ҮНЕМДІ ПАЙДАЛАНУ

Өзінің өндірістік қызметін жүргізу барысында ТШО қызметкерлердің техникалық және тұрмыстық қажеттіліктері үшін суды күн сайын пайдаланады. Біз негіз қалаушы әлеуметтік, табиғи және экономикалық ресурс болып табылатын тұщы судың жоғары құндылығын түсінеміз, осыған байланысты суды үнемді пайдалануға үлкен көңіл бөлеміз. Теңіз кен орнының аймағында тұщы жерүсті және жерасты суларының жеке ресурстары болмағандықтан, Атырау облысының көптеген су тұтынушылары секілді ТШО-ның өндіріс нысандарын сумен жабдықтау «Астрахань-Маңғышлақ» су желісі арқылы Еділ өзені сағаларының бірі – Қиғаш өзенінің сол жағалауында орналасқан су тоғанынан жүргізіледі.

Канализациялық тазалау нысаны (КТН) және Суды қайта пайдалану қондырғысы (СҚПК) – тұщы су ресурстарын сақтауға және сарқынды суды тазалауды басқаруға бағытталған ТШО-ның ірі капиталдық жобалары. КТН тәулігіне 6000 м3 сарқынды су тазалайтындай етіп жобаланған және ол 2014 жылы

іске қосылды. 2016 жылы пайдалануға берілген қондырғы су ресурстарын басқару жөніндегі ұзақ мерзімдік, кешенді бағдарламаның маңызды компоненті болып табылады.

ТШО-ның суды қайта пайдалану қондырғысында кері осмос көмегімен сарқынды судан сапалы техникалық су өндіріледі. Қондырғының конструкциясына сай ол ТШО-ның өндірістік қажеттілігіне тәулігіне 3600 м3-ге дейін кері су өндіре алады. СҚПК нысанынан келетін кері су айналма судың жылдық мөлшерін 30%-дан жоғары деңгейге көтерді.

ТШО-да Су ресурстарын басқару жоспары жасалған. Ол су ресурстарын қысқа, орта және ұзақ мерзімде басқару стратегиясын құжаттайды.

ТШО су ресурстарын пайдалануды басқару бойынша түрлі жобаларды белсенді түрде іске асыруда:

Суды үнемдеу

- ТШО су ресурстарын басқару жоспарын даярлап, қолданысқа енгізді.
- ТШО Шаңырақ, ТШО және вахталық поселкелерінде суды сақтау қондырғыларын орнатты.

Суды қайта пайдалану

- Бу өндіру үшін КТЛ зауытынан келетін SCOT суын пайдалану үшін жаңа қазандықта ультрафльтрациялау жүйесін орнату
- ККЖ қажеттіліктеріне үшін жерасты су және техникалық сападағы өңделген су тәріздес балама су көздерін пайдалану
- ТШО біздің сутазартқыш ғимараттың тазарту қабілетін тәулігіне 6000 м3-дан тәлігіне 7800 м3-ге дейін арттыруда

Сенімділікті арттыруға бағытталған жобалар

- Жаңа Құлсары-ТШО техникалық су желісін тарту үшін қаржылай қолдау көрсетті
- Құлсарыда техникалық судың жаңа су бұру құбырымен бірге, соның ішінде ультрафилтрацияның қосымша қондырғысымен бірге жинақтау / буферлік резервуарлар орнату
- СҚПҚ сенімділігін арттыру
- Ауыз су тарату және су өлшеуіш құралын орнату.

ЖЕР РЕСУРСТАРЫН ҚОРҒАУ

Пайдалы қазбаларды өндіру және құрылыс жұмыстарды орындау барысында техногенді жер бедерінің қалыптасуы және жер жағдайының басқа да сапалық өзгерістері орын алады.

Жер ТШО бұзылған немесе ластанған аумақтарды анықтау және оларды кейіннен қалпына келтіру мақсатында ТШО қызметінің аймағында техногенді бұзылған жерлерге жыл сайын мониторинг жүргізеді. Ластанған жерлердің жағдайына бағалау жұмыстары жүргізіледі, қалпына келтіру жобалары әзірленеді, анықталған және қалпына келтірілген жер телімдері бойынша деректер АркГИС деректер базасы мен картографиялық материалдарында көрсетіледі. Жердің жағдайы туралы мәліметтер жыл сайын мемлекеттік жер орналастыру органына жеткізіледі.

2018 жылдың соңындағы жағдай бойынша ТШО техногенді бұзылған 1 394 гектар жерді қалпына келтіру жұмыстарын атқарды, бұл қалпына келтірілуі тиіс жерлердің 96%-ын құрайды, олардың басым бөлігі – жер бедері бұзылған жерлер. Осы тектес бұзылған жерлерді қалпына келтіру қоқыстарды жинау және шығару, шұңқырлар мен қоймаларды көму арқылы табиғи ландшафтыны қалпына келтіру, еңіс жерлер мен жер бедерінің кедір-бұдырларын тегістеу, сондай-ақ табиғи өсімдіктердің өсіп-өнуі үшін жағдай қалыптастыруды қамтиды. Қалпына келтірудің техникалық кезеңі жүргізілгеннен кейін қалпына келтірілген жер телімдерінде бірнеше жыл ішінде жергілікті құрғақшылық пен тұздылыққа төзімді өсімдіктер табиғи жолмен өсіп шығады. ТШО жоспарлы түрде жүргізетін бұзылған жерлерді қалпына келтіру жұмыстары компанияның қоршаған ортаны сақтау және қорғауға қатысты стратегиясының бір бөлігі болып табылады. Бұл жұмыстар компанияның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидаларына берілгендігін айғақтайды.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ

ТШО өз қызметі аумағында ұдайы экологиялық мониторинг жүргізеді және ол қоршаған ортаның барлық компоненттері – ауа, су және топырақты



қамтиды. Бұл ТШО қызметі ҚР нормаларына және Экология мәселелерін басқару бағдарламасы аясында өндірісті оңтайландыру бойынша болжарларға сай болу мақсатында жүзеге асырылады. Қоршаған ортаны бақылау кешенді бағдарламасын ТШО мен лицензиялары бар мердігер компаниялар бірігіп жүзеге асырады.

Өлшеулердің барлық деректері ҚР экологиялық талаптарына сай әзірленген ТШО-ның Өнеркәсіптік бақылау бағдарламасына сай алынады.

Ауа мониторингі

Теңіздегі ТШО Санитарлық қорғау аймағы (СҚА) аумағында және периметрі бойында 12 автоматтандырылған қоршаған ортаны бақылау станциясы орналасқан. Стационарлық бақылау бекеттері ТШО вахталық поселке мен кен орнынан 95 шақырым жердегі Жаңа Қаратон ауылында орналасқан. Жылжымалы бекеттер зауыттың алау мұржалары төңірегінде апта сайынғы мониторинг жүргізеді. Зерттелетін компоненттердің фондық мәндерін алу үшін ауа сынамасы зауыттың жел соғатын және жел астындағы жақтарынан зауыттан 16 шақырымға дейінгі аралықта түрлі орындардан алынады.

Сынамалар, сондай-ақ, Теңіздегі зауыттардың ықтасын жағынан да 0,5-тен 15 шақырымға дейінгі жерден және Санитарлық қорғау аймағының периметрі бойынша алынады.

Топырақ мониторингі

Топырақтың жалпы және жергілікті ластануын бақылауды қамтамасыз ету үшін кәсіпорынның



ықпал аймағында топырақ сынамаларын алуға арналған 55 нүкте бар. Топырақ жағдайын бақылау барысында желдің көмегімен аумақ тысында әлеуетті ластанудың ықтималдығын анықтау үшін сынама алқаптары «жел тармақтарының» векторы бойымен белгіленеді. Топырақ алу нүктелерінің орналасуы топырақ жамылғысының құрамы, топырақ жағдайы мен басқа да шарттарға қарай аз ғана өзгеруі мүмкін.

Жерасты су мониторингі

Жерасты суының сынамаларын алу және талдау Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативті-әдістемелік нұсқаулықтарға сәйкес және ТШО-ның өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына сай жүзеге асырылады. Жерасты суларын бақылау ұңғыма арқылы жер беткейіндегі алғашқы екі сулы деңгейжиек бойынша жүргізіледі. Жерасты суының сапасы бойынша нақты нәтижелерді алуға мүмкіндік беретін білікті де кешенді қадағалауды қамтамасыз ету үшін жарамсыз ұңғымалар пайдаланудан шығарылады, ескілері не техникалық шарттарға сай келмейтіндері жүйелі түрде жөнделіп немесе жаңаларымен алмастырылады.

Ағын су мониторингі

Өнеркәсіптік ағын сулармен қатар санитарлық ағын сулар мониторингі ТШО-ға алқаптар, булану тоғандары мен жерасты деңгейжиектеріне жіберілетін ағын сулардың сапасын бақылауға мүмкіндік береді (техникалық су айдау ұңғымаларында кәдеге жаратылады) және ҚР-да бекітілген экологиялық нормалардың қадағалануын қамтамасыз етеді.

Ағын суларды қадағалау булану алқаптары мен айдау ұңғымаларына ағызу нүктесінде жүргізіледі.

ККЖ-ҰЕҚБЖ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ

ККЖ-ҰЕҚБЖ аясында ТШО аймақта қосымша бір-неше табиғат қорғау шараларын жүргізуде:

- Балық өсіру процесінің алдыңғы қатарлы технологиялары бойынша техникалық семинарлар ұйымдастыру, шабақтарға арналған сапалы жеммен қамтамасыз ету, шабақ өсірілетін тоған суындағы ерігін оттегі мөлшерін көбейту үшін аэратор ұсыну және сыртқы техникалық күтім көрсету үшін экскаватор сатып алып беру арқылы Жайық-Атырау бекіре өсіру зауытының жағдайын жақсарту шаралары;
- Қазақстанның биотүрлілікті сақтау ассоциациясына 2018-2019 жылдары қаржылай көмек арқылы далалық қызғыш құс тәріздес жойылу қаупі төнген жерүсті жануарларын сақтауға қолдау көрсету;
- Каспий бекіресі тәріздес жойылу қаупі төнген теңіз жануарларын қорғау және олардың көбеюіне үлес қосу үшін Ghostfishing.org ҰЕҰ-мен бірге теңіз каналдарындағы және жасанды аралдардағы және кеме жүретін каналдан тыс аумақта браконьерлік балық ауларын тазалау жобасы. 2017 жылы шамамен 2,8 тонна ау жиналып, өңдеуге берілді. Аулардан 55 түрлі бекіре тұқымдас балық босатылып, теңізге жіберілді. 2018 жылы ТШО Каспий жағалауындағы қоқыстарды шығару жұмыстарын жалғастырды.



Біз қызметкерлеріміз арқасында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізудеміз. Біз көптеген ұлттардан тұратын, жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін бірегей ұжым ретінде жұмыс істейтін қызметкерлерімізді мақтан тұтамыз.

КАДРЛАРДЫ ДАМУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қызметкерлерді дамыту стратегиясы

«Теңізшевройл» ЖШС стратегияларының бірі – нәтижеге лайықты жолмен қол жеткізу үшін аса білікті қызметкерлерді дамыту және қолдау мақсатында адам ресурстарына инвестициялау.

Компания қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын ұжымдағы еңбек және өндірістік қатынастарды реттеу, жалпы марапаттаудың тиімді жүйесін құру, жұмысшылардың мүмкіндіктері пен әлеуетін тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, кадрлық резервті оқыту, жетілдіру және жоспарлау, қызметкерлердің корпоративтік мәдениетін, компания

құндылықтары мен стратегияларына адалдығын қолдауға бағытталған кең ауқымды әлеуметтік бағдарламалар, жеңілдіктер және бастамалар арқылы қамтамасыз етеді.

Қызметкерлерімізді басқару процесінің маңызды элементі – қызметкерлердің компанияның алдындағы мақсаттары мен міндеттері және әр қызметкердің ортақ мақсатқа қол жеткізудегі маңыздылығы туралы хабардар болуы. ТШО мақсаттары мен міндеттері жөнінде ақпараттандыру ТШО басшылығының еңбек ұжымымен және қызметкерлер өкілдерімен қызметкер қызметін басқару процесі аясында тұрақты кездесіп тұруы, ТШО-ның құрылымдық бөлімшелеріндегі және мердігер ұйымдарындағы еңбек және өндірістік қатынастарды қадағалау барысында, сонымен қатар, сенім телефоны және кері байланыс процесі арқылы жүзеге асырылады.

ТШО-ның қызметкерлер алдындағы әлеуметтік жауапкершілігі 1996 жылдан бері күшіне енген ұжымдық шартта рәсімделген. Ұжымдық шарт әр үш жыл сайын қайта қаралады, соңғы жаңартулар 2017 жылдың 1 қаңтарында күшіне енді. Ұжымдық шарт қызметкерлер мен компанияның құқықтары мен міндеттерін қамтиды. Сонымен қатар шарт

кең ауқымдағы мәселелерді талқылауға мүмкіндік беріп, осылайша, қызметкерлердің пікірлерінің ескерілуін қамтамасыз етеді.

Стратегиялық жоспарлау және қызметкерлерді жұмысқа алу

ТШО-да қызметкерлерді басқару процесінің негізгі кадрларды таяу және орташа мерзімдік келешекке стратегиялық жоспарлау болып табылады. Бұл процесте кадрлардағы қазақстандық қамтуға басты назар аударылады.

2018 жылдың аяғында ТШО негізгі өндірісіндегі қазақстандық штат қызметкерлерінің үлесі 88,7% құрады. Ал қазақстандық басшылар үлесі ТШО негізгі өндірісіндегі жалпы басшылар санының 77% құрады. 173 қазақстандық маман шетелдік жұмысшыларды алмастырып, менеджер, орта буын басшылығы және басты инженерлік-техникалық лауазымдарға тағайындалды.

ТШО-ның жұмысқа алу процесі алдыңғы қатарлы технологияларға сай және ашық түрде өтеді. Компанияның сыртқы сайтында ТШО-ның бос жұмыс орындары туралы ақпарат жарияланады, осылайша бұл ресурс барлық әлеуетті үміткерлерге бірдей қолжетімді болып табылады. Компанияның қажеттіліктеріне қарай тек тәжірибелі мамандардан бөлек, жоғарғы оқу орындарының талантты түлектерін де жұмысқа алу ТШО-ның басты назарында.

Қызметкерлерді оқыту және жетілдіру

ТШО алғашқы кезекте қызметкерлердің қауіпсіздігіне және жұмыстардың жарақатсыз және жазатайым оқиғасыз орындалуына назар аударады. Барлық ТШО мен мердігер ұйымдар қызметкерлері жұмысқа жіберілмес бұрын қауіпсіздік техникасы бойынша оқытудан өтуге міндетті. Оқыту заңды бекітілген түрлерден бөлек арнайы дайындалған корпоративтік тренингтер мен ықтимал қауіп-қатердің алдын алу мен оларды азайтуға бағытталған шаралар жүйесін қамтиды.

Қызметкерлердің ұйымдастырушылық әлеуетін жетілдіруін қолдау мақсатында ТШО-да таланттарды басқару процесі қолданылады. Процестің басты мақсаты әлеуеті жоғары қызметкерлерді, болашақ көшбасшыларды табу және жетілдіру және компания қызметкерлерінің біліктілік деңгейіне қатысты бүгінгі және ертеңгі қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Тәжірибесі мол буынның жас буынға білімі мен тәжірибелерін үйретуіне аса көп мән беріледі, бұл өз кезегінде, ізбасарлық, қызметтерді жергіліктендіруді жоспарлау сияқты процестерді қолдайды.

ТШО ұйымдық құрылымның барлық деңгейіндегі жұмысшылардың көшбасшылық қабілеттерін біртіндеп дамытуды қамтамасыз ететін көшбасшылықты дамытудың құрылымдалған бағдарламасын, тәлімгерлік бағдарламасын, техникалық және профильдік салалар бойынша ішкі арнайы бағдар-

ламаларды және кросс-функционалдық тағайындауларды белсенді түрде іске асырып келеді.

Техникалық жоғарғы оқу орындарының ТШО-ға жұмысқа қабылданған түлектерін тез арада жетілдіру Horizons бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады. Аталған бағдарламаның тиімділігі сол, ол керекті техникалық салалар бойынша міндетті аудиторлық оқудан бөлек ресми тәлімгерлік және кросс-функционалдық тағайындауларды қамтиды.

Қауіпсіздік техникасы мен сенімділіктің нормаларына, жоғары технологиялық жабдығы бар зауыттарда жұмыс істеу талаптарына сай, жұмысшылар үшін компанияда техникалық және профильдік салалар бойынша төрт арнайы бағдарлама бар.

Соңғы бес жылда (2014-2018 ж.ж.) компания қызметкерлерді оқыту бағдарламаларына 33 млн. АҚШ доллары шамасында қаражат жұмсады. 2010 жылдан бері 143 қызметкер кәсіпорын есебінен компания қызметкерлеріне білім алуға көмек көрсету бағдарламасы аясында жоғарғы және жоғарғы оқу орындарынан кейінгі білім алды. ТШО қазақстандық қызметкерлердің халықаралық еңбек тәжірибесін алу мүмкіндігімен қамтамасыз ету шараларын жалғастырып келеді. 2018 жылдың соңындағы мәлімет бойынша 41 ТШО қызметкері уақытша шетелдік тағайындау және Қазақстан ішлік тағайындау бағдарламалары аясында «Шеврон» корпорациясының түрлі бөлімшелерінде еңбек ету мүмкіндігіне ие болды.

Өзгешеліктерге құрметпен қарау және ортақтастыру

ТШО-да біз қызметкерлеріміздің мәдениеттерінің бірегейлігі мен алуан түрлілігін құрметтейтін және олардың жеке таланттарын, идеялары мен үлестерін бағалайтын көпұлтты ұжымымызды мақтан тұтамыз. Өзгешеліктерге құрметпен қарау пен ортақтастыру ТШО Сара жолының басты құндылығы болып табылады және біз қызметкерлеріміздің әрқайсысы жұмыс орнында тәжірибе, ұлт, жыныс, жас, білім және әлеуметтік-экономикалық, діни және саяси көзқарастарының ерекшеліктерінің арқасында жоғары нәтижелерге қол жеткізеді деп есептейміз.

Қызметкерлер қауымдастықтары

ТШО-дағы қызметкерлердің өзгешеліктерін құрметтеу және барлығын ортақтастыруды қамтамасыз етудің бір тәсілі – қызметкерлер қауымдастықтарын қолдау. «XYZ» қауымдастығы мен «Әйелдер қауымдастығы» біздің қызметкерлерге білім алу және тәжірибе алмасуға қосымша мүмкіндіктер ұсынады.

«XYZ Шеврон» қауымдастығы 2000 жылы ашылған және дүниежүзі бойынша оның 14 мың мүшесі бар. Атыраудағы «XYZ» қауымдастығы 2013 жылы ашылды және ол ТШО мен «Шеврон» құбыр зауыты қызметкерлерін қамтиды. Атыраудағы қауымдастық мүшелерінің саны бүгінгі таңда 700 адамнан асты.

«XYZ» қауымдастығының міндеті бір саладағы әріптестермен пікір және тәжірибе алмасу платформасын құру, бизнес-процестерді зерттеу, жаңа идеялар ойлап табу. Атыраудағы XYZ қауымдастығы жыл сайын түрлі ауқымдағы 30-дан астам шара өткізеді.

ТШО-дағы «Әйелдер қауымдастығы» 2013 жылы құрылды және қазіргі уақытта оның құрамында 300-ден астам мүше бар.

«Әйелдер қауымдастығы» өзін-өзі танытуға, тәжірибе алмасуға, кәсіби жетілуге қолайлы жағдай туғызады. Әйелдер қауымдастығы, сонымен қатар, жұмыс барысында әйелдер қандай сын-тегеуріндерге ұшырауы мүмкін екендігі жөнінде ер азаматтардың хабардарлығын арттыруды көздейді.

Қызметкерлерді ынталандыру

Еңбекақы жүйесі бірлік, объективтілік, бәсекеге қабілетті жалақы принциптеріне негізделген және жеке еңбек өнімділігін арттыруға ықпал етеді (қызмет нәтижелері бойынша ақы төлеу). Жылдық еңбекақы бағдарламасы Қазақстан Республикасы еңбек нарығы мен мұнай-газ саласы, компанияның қаржы-экономикалық жағдайы және инфляция деңгейі бойынша талдау нәтижелерін ескере отырып қайта қаралып тұрады. ТШО өз қызметкерлерін бәсекеге қабілетті еңбекақымен қамтамасыз етеді. Бұл білікті мамандарды тартуға, оларды ұстап қалуға және ынталандыруға мүмкіндік береді.

Қызметкерлерге сыйақы төлеу жүйесі ортақ мақсаттарға жетуге бағытталған, қызметкерлер мен компания жұмысының басты көрсеткіштерімен өзара байланысты, қызметкерлердің жалпы жұмыс тиімділігін арттыруға деген қызығушылығын тудырады, қысқа мерзімді не ұзақ мерзімді сыйақылық төлемдерден құралады. Сонымен қатар, компанияда қызметкерлерге арналған бірқатар қосымша жеңілдіктер мен төлемақылар қарастырылған, мысалы ақылы әлеуметтік демалыс беру, жылдық еңбек демалысын беру кезінде сауықтыру жәрдемақысын төлеу және тағы басқа жеңілдіктер.

ТШО-да жұмысшылар үшін кең ауқымды әлеуметтік пакет бар. Төменде компанияның ең танымал әлеуметтік бағдарламаларының қысқаша сипаттамасы берілген.

Медициналық сақтандыру / Салауатты өмір салты мен спорт бағдарламасы

Компанияда қызметкерлердің және олардың отбасы мүшелерінің денсаулығын қорғауды көздейтін бағдарламалар бар.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ТШО өз қызметкерлерін міндетті медициналық сақтандырумен қамтамасыз етеді. Қызметкерлер мен олардың отбасыларын ерікті медициналық сақтандыру отандық сақтандыру компаниялары арқылы қамтамасыз етіледі. 2018 жылы сақтандырылғандардың жалпы саны 10008 адам болды. ТШО компания қызметкерлері мен олардың отба-

сы мүшелері үшін стандарттық қызметтер пакетін өтейді. Қызметкер сақтандырудың басқа категорияларын таңдай алады, бұл жағдайда ТШО пакеттің жалпы құнының 50%-70% мөлшерін өтейді.

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ТШО-ның барлық қызметкерлері дене шынықтыру-сауықтыру орталықтарының қызметтерін пайдалану мүмкіндігіне ие.

2018 жылы осы бағдарлама аясында қызметкерлерге өтелген сома мөлшері 630 мыңнан астам АҚШ долларын құрады. Теңізде вахталық әдіспен жұмыс жасайтын қызметкерлер үшін жабдықталған тренажерлік залдар, бассейн және спорт алаңдары қолжетімді. Қызметкерлер үшін спорттық шаралар мен сайыстар өткізіледі.

Медициналық қызмет көрсету

Вахталық әдіспен жұмыс жасайтын қызметкерлердің Теңізде орналасқан және заманауи медициналық техникамен жабдықталған клиниканың қызметін пайдалану мүмкіндігі бар. ТШО-да құпиялылық принципі сақтала отырып, ақысыз негізде компания қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне психологиялық көмек көрсету бағдарламасы табысты жұмыс істеуде.

Тұрғын үй несиесі бағдарламасы

ТШО-да көп жылдар бойы тұрғын үй алу және тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін пайызсыз несиесі беру арқылы тұрғын үй несиесі бағдарламасы іске асырылып келеді. 2010 жылдан бері жалпы сомасы 118 млн АҚШ долларына астам мөлшерінде 1600-ден астам тұрғын үй несиесі берілді.

«Еңбек сіңірген жылдары үшін марапаттау» бағдарламасы

Жыл сайын «Еңбек сіңірген жылдары үшін марапаттау» бағдарламасы аясында компаниядағы еңбек өтілінде мерейлі межеге жеткен қызметкерге (5 жыл және одан жоғары) сыйлық пен ТШО эмблемасы бар төсбелгі беріледі. 2018 жылы ТШО-ның 1278 қызметкері осы бағдарламаға қатысты.

ТШО қызметкерлерінің балаларына арналған «Мирас-Атырау» балабақшасы

2014 жылдан бастап компанияның Атырау қаласында тұратын қызметкерлерінің балалары үшін ТШО қаражатына салынған «Мирас-Атырау» балабақшасы қызмет етіп келеді. Балабақшаның оқу жоспары «Нұрсұлтан Назарбаев Білім Қоры» қоғамдық қорының ең жаңа бағдарламалары мен әдістемелері бойынша дайындалған.

Қызметкерлердің балаларының демалысына жұмсалған шығындарды өтеу бағдарламасы

ТШО қызметкерлердің балаларының демалысына жұмсалған шығындарды қайтарады. Бағдарлама бойынша 2018 жылы төленген сома 326 мың АҚШ доллардан асты.



«Жас Ұрпақ» бағдарламасы

Жоғары білім алу бойынша ТШО-ның көмек көрсету бағдарламасы жыл сайын 100-ден астам грант ұсынады. Бағдарлама компания қызметкерлерінің ұлттық және шетелдік университеттерде және колледждерде оқитын балаларына қаржылай көмек көрсетуге бағытталған.

1998 жылдан бері ТШО жоғары білім алуға қаржылай көмек ретінде 6,5 млн АҚШ долларын бөлді.

Бағдарлама бойынша 2017-2018 оқу жылында 126 студент бағдарламаға қатысты, жалпы өтелген сома мөлшері 400 мың АҚШ долларын құрады.

ТШО зейнеткерлері

2018 жылдың аяғында «ТШО зейнеткері» мәртебесіне компанияның бұрынғы 230 қызметкері ие болды, бұл мәртебе компанияда жұмыс жасап жүріп зейнеткерлік жасқа жеткен қызметкерлерге беріледі.



Тұрақты жергілікті компаниялардың экономика мен қоғамға пайда әкелетініне сенеміз, сондықтан да жергілікті мекемелердің мүмкіншіліктері мен табыстарының дамуына қолдау көрсетіп отырамыз.

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ҮЛЕС

19 93 жылдан 2018 жылға дейін ТШО-ның Қазақстан Республикасына тікелей қаржы төлемдері 135 миллиард АҚШ доллардан астам соманы құрады. Бұған ТШО-ның жергілікті қызметкерлеріне төленген еңбекақы, қазақстандық тауар өндірушілер мен жабдықтаушылардың өнімдері мен қызметтерін сатып алуға жұмсалған қаржы, мемлекеттік кәсіпорындарға аударылатын тарифтер мен төлемдер, қазақстандық серіктеске бөлінген тиісті дивидендтер, сонымен қатар мемлекеттік бюджетке аударылған салық және роялти түріндегі төлемдер кіреді.

2018 жылы ТШО-ның Қазақстанға төлеген тікелей қаржы көлемі 10,1 млрд АҚШ доллардан асты.

ТШО жыл сайын тауарлар мен қызметтердегі қазақстандық үлесті арттырып келеді. Егер 2002

жылы кәсіпорын отандық өндірушілерден 415 млн АҚШ доллардан астам қаржыға тауарлар мен қызметтер сатып алған болса, 2018 жылы бұл көрсеткіш 3,5 млрд АҚШ доллардан асты. 1993 жылдан 2018 жылға дейін ТШО қазақстандық тауарлар мен қызметтерді сатып алу үшін 28 млрд АҚШ доллардан астам қаражат жұмсады.

ТШО-ның қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі стратегиясы

ТШО-ның қазақстандық қамтуды дамыту стратегиясының басты аспектісі мұнай-газ индустриясымен ынтымақтастық үшін өздері жауап беруге тиіс халықаралық сапа мен стандарттарды түсіну мақсатында қазіргі және ықтимал жабдықтаушылармен жұмыс жасау болып табылады. Жоғары халықаралық стандарттарға жауап беретін қазақстандық тауарлар және қызметтер нарығын ұдайы дамыту компанияның үздіксіз даму стратегиясының іргетасы болып табылады және Қазақстан үшін маңызды құндылықтарды туғызады. ТШО компанияның қазақстандық қамту бойынша міндеттерін орындау үшін, тауарлар және қызметтер жабдықтаушыларына ұзақ мерзімді мүмкіндіктер туғызуға тиіс. Сол себепті, ТШО инфрақұрылымға, қазақстандық кадрларды оқыту және жұмыс орындарын ашуға қажетті инвестицияны тарту арқылы қазақстандық жабдықтаушыларды тұрақты дамытуды қолдауын жалғастыра бермек.

ТЕҢІЗШЕВРОЙЛМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ТШО-мен табысты ынтымақтастық құру

ТШО-ның материалдық-техникалық қамту бөлімі компанияны сапа және тұтастық қағидаларына ұдайы сай келетін және бәсекеге қабілетті бағалары бар тауарлармен және қызметтермен сенімді түрде қамтамасыз ету үшін компанияның жабдықтау көздерін стратегиялық басқаруды жүзеге асырады.

ТШО қауіпсіздік мәдениеті тұрақты, жұмысы сенімді, сапалы тауарлары мен қызметтері бар, бағалары бәсекеге қабілетті, шығындарды басқару дағдысы дамыған, инновациялық бизнес-шешімдері бар, әрі тапсырыс берушіге және қазақстандық қамтуды дамытуға тұрақты бейімделген жабдықтаушылармен ынтымақтастыққа ұмтылады.

ТШО үшін іскерлік нәтижеге қол жеткізу ғана емес, сондай-ақ, «ТШО-ның сара жолы» қағидаларына сәйкес жүзеге асуы да маңызды. Біз өз жабдықтаушыларымыздан осындай талап пен құндылықтарды ұдайы ұстанады деп күтеміз.

Жабдықтаушыларға қойылатын талаптар

ТШО-ға сапалы тауарлар мен қызметтер ұсынатын жабдықтаушылар төмендегідей талаптарға сай болуы керек:

- Қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау бойынша жоғары көрсеткіштер;
- Халықаралық деңгейде мойындалған сапа стандарттары мен басқару жүйелері;
- Қазақстандық қамтуды дамыту мен тұрақты өсіруге бейімділік;
- Баға бойынша бәсекеге қабілеттілік;
- Қаржылық тұрақтылық;
- Тапсырыс берушіге бейімделу;
- Инновациялық бизнес-шешімдер.

Жабдықтаушының қызығушылығын білдіруі (SEOI)

ТШО-мен жұмыс жасауға қызығушылық танытқан жабдықтаушы өз қызығушылығын (SEOI) www.tengizchevroil.com сыртқы сайтындағы SEOI веб бағдарламасы арқылы SEOI веб нысанын жіберуге тиіс. SEOI веб бағдарламасының арқасында ТШО мен жабдықтаушылар бір платформада байланысу мүмкіндігіне ие болып, төмендегідей артықшылықтарды иеленеді:

- SEOI веб нысанын жіберу арқылы жабдықтаушылар ТШО-мен жұмыс жасауға ниетті екендіктерін білдіре алады;

- Жабдықтаушыларға ТШО SEOI веб платформа-сында ашылған өз SEOI профайлдарын жаңартуларына және басқаруларына мүмкіндіктер туады;
- Тауар мен қызметтердің әлеуетті жабдықтаушыларын анықтау мақсатында ТШО өкілдері кез-келген жерге баруы мүмкін.

Аймақтық өндірушілерді дамыту

Біз Қазақстанның батысында қызмет атқаратынымызға қарамастан, бүкіл Қазақстан аумағында орналасқан өндірушілердің дамуына көңіл бөлеміз. Отандық өндірушілердің нарығын дамыту стратегиясы аясында, әрі қарай жергілікті өндірушілердің ТШО-мен жұмыс істеу мүмкіндігін жасау үшін, ТШО мамандары елдің барлық аумағында өндірілетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын анықтай отырып, олардың сапасын бағалап келеді. Біз Қазақстанның барлық аймақтарынан түрлі өнімдерді сатып аламыз, оның ішінде:

- Шығыс Қазақстан облысы бойынша - клапандар, жоғары және төмен вольтты кабельдер;
- Батыс Қазақстан облысы бойынша - жабдықтаушыларды жөндеу бойынша қызметтер, клапандар, торлар, фланецтер және қосқыштар;
- Атырау облысы бойынша - фланецтер, аралық қабаттар, болттар, құрылымдық болат, қоршаулар, автоматтандырылған дәнекерлеу құралдары, жылу-оқшаулау материалдары;
- Павлодар облысы бойынша - химикаттар, арматура, кабельдер;
- Солтүстік Қазақстан облысы бойынша - жылу алмастырғыштар, жабдықтаушыларды жөндеу бойынша қызметтер;
- Қарағанды облысы бойынша - клапандар, арматура;
- Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша - сорғылар, сыйымдылықтар, қосалқы станциялар, ЖЖАК сүзгілері.

Еуропа қайту құру және даму банкімен ынтымақтастық


2015 жылы ЕҚҚДБ мен ТШО Қазақстанда Шағын және орта кәсіпорындарға қолдау көрсету бойынша ортақ бағдарлама жасады.

2017 жылдың соңына қарай Қазақстанның түрлі аймақтарынан 23 әлеуетті жабдықтаушы жергілікті консультанттармен және 2 халықаралық сарапшымен жоба дайындауды бастап кетті. Бұл консультативтік жобалар компанияларға ISO стандарттарына сай сапа басқару жүйесін енгізу бойынша техникалық білім тәріздес ноу-хауға жол ашады немесе, айталық, бухгалтерлік есепті жүргізуді және қаржы ресурстарын басқаруды жақсартуға көмектеседі. Шағын және орта кәсіпо-



ТШО-ның ҚР экономикасына үлесі: ТШО-ның облыс бойынша ЖҚ шығындары, 2015 – 2018 қыркүйек

ТШО-ның тікелей шығындары барлық облыстың бірнеше салаларына әсер етеді (миллион доллар)



рындар шығындарды бөлісу негізінде жобаның жалпы құнының 75% дейін көтере отырып, жергілікті консультанттармен және халықаралық салалық сарапшылармен жұмыс жүргізеді.

2018 жылдың желтоқсанында бағдарлама тағы төрт жылға ұзартылды.

ТШО-ЕҚҚДБ бірлескен бағдарламасының II кезеңінің міндеттері анықталды: 5 жергілікті және 1 халықаралық кеңестік жобалар; 1 деңгейдегі ТШО мердігеріне техникалық көмек көрсету; жергілікті ықтимал және жұмыс атқарып жүрген жеткізушілерді оқыту, ҚТ бойынша оқыту, тендерлерге дайындық және API бойынша оқыту; іскерлік сапарлар; ККЖ жергілікті қауымдастықты дамыту; коммуникацияны қамтитын болады.

2018 жылдың қыркүйегінде ТШО жыл сайынғы KIOGE халықаралық көрмесіне қатысып, бірнеше семинар өткізді. ТШО отандық жабдықтарды өндірушілер семинарын ұйымдастырып, онда олар қазақстандық қамтуды дамыту бойынша бастамаларды ұсынды.

2018 жылғы қарашада Алматы қаласында мұнай-газ кен орындарын игеріп жатқан төрт ірі қа-

зақстандық операторлар: ТШО, ҚМГ, НКОК және КПО мұнай-газ саласындағы стратегиялық әріптестікті дамыту жөніндегі Кеңеспен бірлесіп химиялық реагенттер өндірісін оқшаулау бойынша бірлескен форум өткізді.

Форумның негізгі мақсаты мұнай-газ жобаларына жоғары және тұрақты сұраныс жағдайында химия өнімдерінің ішкі нарығының өсуі мен дамуын ынталандыру болды. Форум операторлардың қажеттіліктері мен ақпарат алмасу үшін, сондай-ақ Қазақстанда химиялық реагенттер өндірісінің дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер іздеу, отандық және халықаралық өнім берушілер мен химиялық өнім өндірушілерін біріктірді.

Форумда Солтүстік Каспий, Теңіз және Қарашығанақ кен-орындарының қысқа және орта мерзімді жоспардағы химиялық реагенттердің әр түрлі қажеттіліктерімен танысу мақсатында жобаларына шолу жасалды. Еліміздің әр аймағынан 100-ден астам кәсіпорындар форумға қатысып, бизнес жүргізу мүмкіндіктері туралы ақпаратпен кеңінен бөлісті. Нәтижесінде форумға қатысушылар Қазақстанда химия өндірісін құру бойынша өз ұсыныстары мен идеяларын ұсынды.



Біз қызмет етіп отырған аймақтағы қауымдастыққа әлеуметтік инвестициялар және әлеуметтік инфрақұрылымдық бағдарламалар арқылы инвестиция салуға міндеттіміз.

ЖҰРТШЫЛЫҚПЕН СЕРІКТЕСТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУ

19 93 жылдан бастап ТШО өз қызметкерлері мен жергілікті тұрғындардың игілігі үшін Атырау облысының әртүрлі әлеуметтік жобаларына 1,7 миллиард АҚШ долларынан астам қаржы жұмсады.

1993 жылы ТШО жергілікті қоғамдастықтың және өзінің игілігі үшін көлемі 50 млн АҚШ долларын құрайтын 5 жылдық «Бонус Фонд Атырау» бағдарламасын жүзеге асыруды бастады. «Бонус Фонд Атырау» бағдарламасы 1998 жылы бекітілген жоспар талаптарына сәйкес сәтті аяқталды.

Осы бағдарламаның нәтижесінде 1998 жылы ТШО бастамасының арқасында «Игілік» ерікті әлеуметтік бағдарламасы құрылды. Бастапқыда бағдарламаның бюджеті 4 миллион АҚШ долларын құраса, 2003 жылға дейін жыл сайынғы бюджеті 8 миллион АҚШ долларына дейін, содан соң 2006 жылға дейін 12 миллион АҚШ долларына дейін өсті.

Ал, 2009-2012 жылдар аралығында «Игілік» бағдарламасының жылдық бюджеті 20 млн АҚШ долла-

рын құрады. 2013 жылдан бастап, «Игілік» ерікті әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламасының бюджеті 25 миллион АҚШ долларын құрап келеді.

ТШО «Игілік» бағдарламасының жобаларын жүзеге асыру бойынша Атырау облысы әкімдігімен тығыз байланыста. Жергілікті атқарушы органдармен сындарлы ынтымақтастықтың арқасында қаланың келбетін өзгеріп, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартқан көптеген жобалар жүзеге асырылды.

«Игілік» бағдарламасының жетістіктеріне қазіргі заман талаптарына сай мектептер мен балабақшалар, Құлсары қаласындағы колледж, Атырау қаласында орналасқан су сүзу станциясы, мәдениет үйлері, ауылды жерлердегі ауруханалар мен отбасылық-дәрігерлік амбулаториялар, қаланы газдандыруға қатысу және Атыраудың оң жақ жағалауындағы нысандарды жылумен жабдықтауды жақсарту үшін қазандық салу, дене шынықтыру кешендерінің, парктердің құрылысы, Құлсары қаласындағы сумен жабдықтау жүйесін қайта құру жұмыстарын енгізуге болады.

«Игілік» бағдарламасын жүзеге асыру барысында барлығы 250 миллион АҚШ доллар игеріліп, 84 жоба орындалды. Соның нәтижесінде дәрігерлер, мұғалімдер және техникалық қызметкерлер үшін 1 000-нан астам жаңа жұмыс орындары ашылды.

2018 жылы Құлсары қаласында 290 орындық екі балабақша салынып, пайдалануға берілді. ТШО сондай-ақ Атырау және Құлсары қалаларының тұрғындары үшін 50 қалалық автобустарын, Құлса-



Жобалардың категориялар бөлінісіндегі кескіні:

| ЖОБАЛАР КАТЕГОРИЯСЫ | САНЫ |
|---|-----------|
| Мәдениет үйлері | 2 |
| Ауруханалар | 7 |
| Инфрақұрылым және басқа нысандар | 22 |
| Балабақшалар | 9 |
| Парктер | 4 |
| Мектептер | 10 |
| Дене шынықтыру және сауықтыру кешендері | 3 |
| Инженерлік нысандар | 27 |
| БАРЛЫҒЫ | 84 |

ры қаласының аудандық ауруханасына медициналық жабдықтар сатып алды.

Қазіргі таңда ТШО-ның 1 миллион АҚШ долларын құрайтын әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы өңірдің әлеуметтік саласын дамыту жөніндегі тағы бір бастамасы болып табылады.

Бағдарлама 2010 жылы енгізіліп, оның басты бағыттары төмендегідей болды:

- Азаматтардың немесе ұйымдардың әлеуетін қоғам игілігі мен ТШО үшін арттыру
- Азаматтарды оқыту, семинарлар өткізу, оларды қолдау, өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрғыда даму
- Салауатты өмір салтын насихаттау және өмір сапасын жақсарту бойынша күш-жігерді қолдау
- Экологиялық сауаттылық және табиғатты қорғау бастамаларын қолдау

Сонымен, 2010 жылдан бастап 2018 жылға дейін ТШО үкіметтік емес ұйымдармен (ҮЕҰ) бірлесіп жалпы сомасы 7 млн. АҚШ долларын құрайтын бағдарламаларды іске асырды. Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы жобаларының мысалдары:

ЕУРАЗИЯ ҚОРЫ – ОРТАЛЫҚ АЗИЯ

Жоба: **Жарқыра** – Атырау облысы мен Жылыой ауданында әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту

Жоба Атырау облысы мен Жылыой ауданы халқының маңызды әлеуметтік мәселелерін шешу мақсатында кәсіпкерлікті ынталандыруға бағытталған.

Нәтижелер:

2018 жылы «Жарқыра» бағдарламасы аясында 8 әлеуметтік және кәсіпкерлік жобаға қолдау көрсетілді., оның 6 Атырау қаласынан, ал 2 жоба Жылыой және Махамбет аудандарынан.

«ҒЫЛЫМИ БАСТАМАЛАРДЫ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

Жоба: **Атырауда топырақты, суды және өсімдіктерді сынау зертханасын ашу (SWAPTEL)**

Жүзеге асырылатын жоба - топырақты, суды және өсімдіктерді сынау зертханасы - SWAPTEL. Бұл Қазақстандағы осы бағыттағы алғашқы зертхана болмақшы және ол аймақтың экологиялық ахуалы туралы құнды білім көзін ұсынады.

Нәтижелер:

Есеп беру кезеңінде зертхана зертханалық жиһазбен, су, топырақ және өсімдік талдауларын

жүргізуге арналған жабдықтармен толық жабдықталды. Сатып алынған жабдық толығымен ретке келтірілді және оларға тексеру жүргізілді, «SWAPTEL» зертханасын аккредиттеуге арналған құжаттар дайындалды.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ ДӘРІГЕРЛЕР АССОЦИАЦИЯСЫ

Жоба: **Инновациялық, сараланған және пациентке негізделген әдіс шығара отырып, Жылыой ауданының денсаулық сақтау саласын Атырау облысындағы сала көшбасшысы деңгейіне көтеру.**

Нәтижелер:

- 11 309 жобаның тікелей бенефициары
- профилактикалық білім немесе күтім алатын 2 171 бенефициар
- 79 адам ем алды
- 30 жергілікті денсаулық сақтау қызметкерлері оқытылды
- Жергілікті денсаулық сақтау қызметкерлерін оқытуға 2 146 сағат жұмсалды
- Дәрігерлер, медбикелер, акушерлер, психологтар, әлеуметтік қызметкерлер (барлығы 24 адам) дәрігерлерді оқытуда тәжірибесі бар жезқазғандық қазақ тіліндегі нұсқаушы әрі дәрігер ұйымдастырған тиімді қарым-қатынас бойынша 3 күндік клиникалық дайындықтан өтті
- 19 ноутбукпен, 2 wifi роутермен, 2 принтермен, 16 тақтамен, жеке лотоктары бар 2 шкафпен, 4 кондиционермен, 6 желдеткішпен, 10 пневматикалық манжеттермен жабдықталған, 6 қарайтын бөлме мен 2 кеңсесі бар эксперименттік нысан орнатылды
- Атырау және Құлсары қалаларындағы 5 аға буын дәрігер Алматы қаласында өткен отбасылық медицина бойынша II Халықаралық конференцияға қатысты
- Атырау облысы мен ауылдық жерлердегі медициналық мекемелерге мониторинг және бағалау өткізу үшін 12 рет сапар ұйымдастырылды
- Жалпы асқынулары бар 22 науқас Қазақстанның отбасылық дәрігерлер ассоциациясы мамандарының кеңесін алды
- 70 736 адамды қамтыған 165 тақырыптық посттар қазақ және орыс тілдерінде Фэйсбук (11 402 оқырман), Телеграм (142 оқырман) және Инстаграм (1 634 оқырман) беттерінде жарияланды.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗ ҰРПАҒЫ» ЖАСТАР ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ

Жоба: **Жалпыға арналған психология**

Жоба жалпы білім беру мекемелері қызметкерлерінің психологиялық білім саласындағы кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында психологтарды, ата-аналарды, қала мектебі оқушыларын оқытуға, ата-аналарға балалармен тиімді қарым-қатынас құруды үйретуге, сондай-ақ, балаларға өздерінің тұлғалық әлеуетін ашуға, кәсіби жолын таңдауды және отбасы мен мектепте жанжалсыз өмір сүруді үйретуге бағытталған.

Нәтижелер:

- жобаның 2 166 тікелей бенефициары.
- жобаға 1 654 студент қатысты
- оқытудан 264 мұғалім өтті
- ұстаздарды дайындауға 180 сағат жұмсалды
- 361 ата-ана / жұртшылық өкілдері тартылды

МҮГЕДЕК ӘЛЕМІ

Жоба: «**Қолтаңба**» шеберханасы мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік маңыздылығын арттыратын шараларды қамту, олардың көңілдерін жалғыздықтанарылту мақсатында қарым-қатынас шеңберін кеңейту, қолданбалы шығармашылық және ағаш ұсталығы машықтарын үйрету.

Нәтижелер:

Жоба есеп беру кезеңінде Атырау қаласында және Атырау облысы аудандарда тұратын мүмкіндігі шектеулі адамдарды қамтыды.

- К.Дутбаев атындағы Атырау гуманитарлық колледжінің студенттері;
- Атырау сервис колледжінің студенттері;
- Ю.Гагарин атындағы № 4 орта мектептің инклюзивті сынып оқушылары;
- Атырау облысының Мақат, Махамбет және Исатай аудандарында тұратын мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін 10 күндік көшпелі мастер-класс ұйымдастырылды;
- «№3 Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ арнаулы әлеуметтік қызметтерді алушылар (Лесхоз, Алипов көшесі, 8А, бұрынғы ақыл-есі кем балаларға арналған арнайы интернат)
- оқып жатқан 90 бенефициар;
- қолданбалы шығармашылық және ағашпен жұмыс бойынша 125 күн сабақ өткізілді;

- Атырау облысының аудандарында 30 шеберлік сыныбы өткізілді.

«ЫНТЫМАҚ АТЫРАУ» ҮЕҰ

Жоба: «**Ынтымақ**» қоғамдастықты дамыту бағдарламасы

2018 жылы еріктілер саны - 397

2018 жылы ерікті сағаттардың жалпы саны - 2 629

2018 жылы жиналған ақша көлемі - 25 571 168 теңге

БРИТАН КЕҢЕСІ

Жоба: **Табысқа ағылшын тілімен**

Британдық кеңестің «Табысқа ағылшын тілімен» жобасы ағылшын тілінде сабақ беру, оқу және оны меңгеру сапасын арттыруға бағытталған, бұл өз кезегінде бенефициарлар үшін кәсіби және академиялық мүмкіндіктер ашады.

Нәтижелер:

Жобаға Атырау қаласының 192 мектебі және Атырау облысындағы 7 аудан мектептері қатысты:

1. негізгі топ - 15 ағылшын тілі оқытушылары;
2. негізгі топ - 22 STEM жаттықтырушылары;
3. 233 мектептің ағылшын тілі мұғалімдері
4. 297 STEM мектеп мұғалімдері

ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Қоғамдастықтармен консультациялық кеңестер

2018 жылы ТШО Атырау және Маңғыстау облыстарының қоғамдастықтарымен ККЖ-ҰЕҚБЖ консультациялық кездесулерін өткізді. ТШО Атырау және Жылыой облыстарындағы Жаңа Қаратон, Майкөмген, Қосшағыл, Шоқпартоғай, Тұрғызба, Аққызтоғай және Құлсары ауылдарының тұрғындарымен, сондай-ақ Ақтау және Маңғыстау облысындағы Боранқұл, Құрық және Баутино ауылдарының тұрғындарымен кездесті. Консультациялық кездесулер Теңіз вахталық қалашығында да өтті.

Консультациялық кездесулердің мақсаты жобаның мәртебесі және оның прогресі туралы жаңартылған ақпарат беру болып табылады. Бұл кездесу – қоғамдастықтардың ККЖ-ҰЕҚБЖ және басқа да ірі күрделі жобалар, сондай-ақ ТШО-ның қазіргі қызметі туралы кез келген пікірлерді немесе мәселелерді көтеруі үшін жақсы платформа. ТШО мүдделі тараптарды ТШО қызметі мен оның



жобасы туралы өз пікірлерімен және ойларымен бөлісуге шақырады.

Атырау және Маңғыстау облыстары өзара қарым-қатынастың бастапқы орталығы болмақ, өйткені ККЖ-ҰЕҚБЖ бойынша жұмыстардың басым бөлігі осы жерлерде жүргізілуде. ТШО осындай консультациялық кездесулерді жыл сайын өткізіп отыруға міндеттенеді.

Атырау және Маңғыстау облыстарының балық шаруашылығы ұйымдары жобаның тағы бір мүдделі тарапы болып табылады. 2017 жылы осы мүдделі тараптармен диалогты одан әрі нығайту үшін ТШО осы облыстардың балық шаруашылығы ұйымдарымен консультациялық кездесулер өткізуді бастады. Мұндай консультациялық кездесулер жүйелі түрде өткізіліп, ККЖ-ҰЕҚБЖ жобасының бүкіл әрекет ету мерзімі ішінде жалғасатын болады.

КҮНДЕЛІКТІ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Қазақстандық қамту бойынша өз міндеттемелері шеңберінде ТШО Үкімет, қазақстандық бизнес өкілдері және ТШО / ККЖ-ҰЕҚБЖ өкілдерінен тұратын

сарапшылар тобымен өзара әрекет жасайды. Сарапшылар тобының кездесулері үнемі Нұр-Сұлтан қаласында өткізіледі және бүгінгі күнге дейін 12 кездесу өткізілді.

ШАҒЫМДАРДЫ (ПІКІРЛЕРДІ) РЕТТЕУ

ТШО үкіметпен, бизнеспен және жергілікті қоғамдастықтармен нәтижелі, ұйымдасқан және тиімді қарым-қатынас құруға үнемі ұмтылады. Бұл міндеттеменің негізі ТШО мен қоғамдастықтар арасындағы ашық диалог болып табылады. ТШО-ның кері байланыс процесі компанияға алаңдаушылығын, ұсынысын немесе наразылығын білдірудің, содан кейін оған жауап алудың сенімді жолын қамтамасыз етеді.

Біздің мүдделі тараптарымыз кері байланыс процесін көбірек пайдалануда. 2018 жылы 400-ден астам сұраныс келіп түсті. Алынған хабарламалардың басым көпшілігі жұмысқа орналасу және бизнесті жүргізу мүмкіндіктеріне қатысты. Ал басқалары компанияның қызметі, жобалар, тағылымдамалар, маркетинг туралы ақпарат іздеді.



www.tengizchevroil.com